

**Андреев селолық округі елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне ат қою туралы
Андреев ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 10 қазандағы № 2 шешіміне өзгерістер
енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Андреев ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 20 маусымдағы № 05 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 шілдеде № 4835 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Андреев ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Андреев селолық округінің елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне ат қою туралы" Андреев ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 10 қазандағы № 2 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 13-10-90 болып тіркелді, 2009 жылғы 18 қарашадағы "Знамя труда" газетінде жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің мемлекеттік тіліндегі тақырыбында және мәтіні бойынша, сонымен қатар шешімнің қосымшасында "селолық", "селосы" сөздері "ауылдық", "ауылы" сөздерімен ауыстырылсын;

шешімнің орыс тіліндегі тақырыбы және мәтіні, сонымен қатар шешімнің қосымшасы өзгеріссіз қалдырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Б.Жүкішев